

Қазақстан Республикасының Майндағы Франкфурт қаласындағы (ГФР) Бас Консулдығының мәселелері

Қушпін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 23 наурыздағы N 324. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Майндағы Франкфурт қаласында (ГФР) Бас Консулдығының ашылуына байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Майндағы Франкфурт қаласындағы (ГФР) Бас Консулдығының штаттық саны 8 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Майндағы Франкфурт қаласындағы (ГФР) Бас Консулының лауазымдық еңбек ақысы шетел валютасымен айына 2375 (екі мың жүз жетпіс бес) АҚШ доллары мөлшерінде белгіленсін. Бас Консулдық қызметкерлерінің лауазымдық еңбекақылары Қазақстан Республикасының Майндағы Франкфурт қаласындағы (ГФР) Бас Консулының шетел валютасымен алатын еңбекақысына қарай штаттық кестеге сәйкес белгіленсін.

3. Бас Консулдық қызметкерлеріне медициналық қызмет көрсетілуіне аударым олардың АҚШ долларымен алатын жалақысы қорының 2 проценті мөлшерінде белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қаржы министрлігімен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Майндағы Франкфурт қаласындағы (ГФР) Бас Консулдығының штаттық кестесі мен шығыстар сметасын бекітсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1995 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен қаржы бөлінуін қамтамасыз етсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - м и н и с т р і н і ң

бірінші орынбасары